



Сот шешімімен Бәйдібек ауданының коммуналдық меншігіне түсken болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 23/135 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Эділет департаментінде 2018 жылғы 5 қаңтарда № 4364 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы № 16/105 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 30.03.2022 № 16/105 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Бәйдібек аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес сот шешімімен Бәйдібек ауданының коммуналдық меншігіне түсken болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидалары бекітілсін.

2. "Бәйдібек ауданының мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіpte:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы мәслихат шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Бәйдібек ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Бәйдібек аудандық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ЖОЙГАН

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

*Аудандық мәслихат
сесиясының төрагасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Ө. Кәдіров
М. Нақылбеков*

Бәйілбек аудандық
2017 жылғы 25 ж
№ 23/135 шешімі

Сот шешімімен Бәйдібек ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Сот шешімімен Бәйдібек ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 20-1-бабының 5) тармақшасына сәйкес өзірленді және сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды (бұдан әрі – қалдықтар) басқару тәртібін айқындаиды.

2. Қалдықтарды коммуналдық меншікке беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Иесіз қалдықтарды басқару жергілікті атқарушы органды (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

4. Қалдықтарды басқару мақсатында жергілікті атқарушы орган мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерінен комиссия құрады (бұдан әрі - Комиссия).

Қалдықтарды басқару бойынша жұмыстарды ұйымдастыратын органдаретінде Бәйдібек ауданының тұргын үй – коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі болып (бұдан әрі - бөлім) табылады.

5. Иесіз қалдықтарды басқару – бұл қалдықтарды бағалау, есепке алу, одан әрі пайдалану, сату, кәдеге жарату және жою бойынша қызмет.

2. Сот шешімімен Бәйдібек ауданының коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі

6. Қалдықтарды есепке алу, сактау, бағалау және одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сактау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына сәйкес атқарылады.

7. Талап етілмеген қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату және жою бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды жергілікті атқарушы органды Комиссияның ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

8. Қалдықтарды кәдеге жарату және жою бойынша көрсетілетін қызметтерді жеткізушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Қалдықтар сатылғаннан, кәдеге жаратылғаннан және жойылғаннан кейін қалдықтардың орналасқан аумақтарын қалпына келтіру Қазақстан Республикасының жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

3. Қорытынды ережелер

10. Қалдықтармен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК